

**Ж**

алықтың ұлылығы оның санымен ғана емес, ең алдымен, дүниежүзілік мәдениетке, ғылымға, өнерге қаншалықты үлес қосқандығымен таразыланып, қандай ұлы тұлғалар туғызғанымен танылады. Өркениеттің алтын бесігін жасап, оны алғаш тербеткен данышпандар сапында ұлы түркі халықтарының ұлы ғұламалары да болғаны зайыр. Әлемге сондайдан кезге шалынатын сондайлық талай талантты, қанатты ақиық данышпандар сыйлаған, адамзат құндылықтарына аса қымбат қазыналар қосқан сондай халықтың ұрпағы, ұлылардың мұрагері болу адамға аз жауапкершілік жүктемесе керек. Осыны терең түсініп, жан-жүрегімен ұғынған ұлағатты, ақиық, ақылман азаматтарымыздың бірі есімі мен еңбегі бүкіл дүниежүзіне мәшһүр Кенжеғали Сағадиев.

Бүгінде Сағадиев есімімен қатар аталар атақтар көп. Ол аса ірі ғалым, белгілі педагог, көрнекті қоғам қайраткері, ғылым мен жоғары мектептің белсенді ұйымдастырушыларының бірі, экономика ғылымының докторы, профессор, Қазақстан Республикасы Ұлттық ғылым академиясының академигі... Әлі тізімі толық емес бұл анықтамалар әшейін ат қойып, айдар тағу емес, оның аржағында талант пен табанды еңбек тізе қосып, құш біріктірген күлкісіз күндер мен ұйқысыз түндер жатыр, өзінің бүкіл саналы өмірін тұтастай ғылымға арнап, халқына қалтқысыз қызмет етіп келе жатқан туысы белек тұлғаның кезмайын тауысқан ізденістері мен іркілістері, реніштері мен қуаныштары, ғылымның ғана емес, тағдырдың бұрылысы көп бұралаң жолдары жатыр...

Аса көрнекті қазақ ғалымы К. Сағадиевтің 1994 жылы әлемдегі аса ірі ел, іргелі мемлекет Америка ғалымдар Ассоциациясының мүшелігіне қабылдануы, 1996 жылы Нью-Йорк академиясының жене 1997 жылы Жоғары мектептердің халықаралық ғылыми академиясының академигі болып сайлануы кеп жайды ағартса керек. Бір емес, бірнеше мәрте академик болу және Америка сынды алпауыт елдің ғалымдары мойындаған өлемдік деңгейдегі академик болу — қиынның қиыны. Кенжеғали Әбенұлын бүгінгі шырқау биігіне алып шыққан оның қуатты қос қанаты бар. Оның бірі — табиғи таланты, екіншісі — тынымсыз ізденісте толы табанды еңбегі.

Республиканың ең алыс түкпірлерінің бірі Қостанай облысының Жангелдин ауданындағы Әуликел орта мектебінің түлегі К. Сағадиевтің 1960 жылы Қазақтың мемлекеттік университетінің экономика факультетін үздік бітіріп, 1963 жылдан Мәскеудің Г. В. Плеханов атындағы халық шаруашылығы институтының аспирантура-

сында оқып, диссертациясын мерзімінен бұрын қорғап шығуы да тегін емес. Мұның терең сырын тағы да оның табиғи таланты мен табанды еңбегінен іздеген зайыр.

Алты алаштың ақиығы, қазақ халқының рухани кесемі Ахмет Байтұрсынұв туып-өскен құнарлы ортадан нәр алып, қиян бір шеттегі Торғайда өмір университетінен, екі бірдей астана Алматы мен Мәскеудің қатаң талап қоятын қиын мектебінен өткен К. Ө. Сағадиевтің 1982



жылы Ақмола ауылшаруашылығы институтының ректоры болып тағайындалуы орайы келген онды іс болды. Сағадиевтің білгір басшылығымен кеңестік кеңістіктегі жетекші жоғары оқу орындарының біріне айналған Ақмола ауылшаруашылығы институты бүкілодақтық алты ауылшаруашылығы биотехнологиялық орталықтарының біріне айналады. Тоқсаныншы жылдардың басында Қазақ мемлекеттік экономика университетін басқарған жылдарда Сағадиевтің ұйымдастырушылық таланты жаңа қырынан жарқырап, ол бұрынғы факультеттердің оқу-ғылыми кешендері болып құрылуымен, менеджмент, маркетинг, кәсіпкерлік пен бизнес негіздері, макроэкономика, агробизнес сынды жаңа кафедралар ашылуымен керініс тапты.

Бірнеше монография мен 150-ге жуық ғылыми еңбектің авторы К. Ө. Сағадиевтің жетекшілігімен үш докторлық, жиырма сегіз кандидаттық диссертация қорғалған екен. Ол жазған монографиялардың «Материалдық-техникалық жабдықтаудың экономикалық тиімділігін арттыру», «Қоғамдық өндірістің тиімділігін елшеудің теориясы мен әдістемесінің кейбір мәселелері», «Агроенергетика туралы жүз сұраққа жүз жауап» деген аттарының езі де ғалымның теория мен практиканы ұштастыра білетін ұшқырлығын танытса керек.

1994 жылғы ақпан айының 2 жұлдызы Сағадиев өмірінің жұлдызды сәті болды. Сол күні ол Қазақстан Республикасының Ұлттық ғылым академиясының академиктерінің көпшілік даусымен ҚР Ұлттық ғылым академиясының Президенті болып сайланды. Бұл сайлаудың ҰҒА тарихында тұңғыш рет баламалық негізде болғандығын және дауысқа түскен езге ғалымдардың өлемдік деңгейдегі елеулі еңбектері, жер жарған атақтары, осы орынға

таласуға моральдық құқы әбден бар өйгілі академиктер екендігін ескерсек, бұл қиын да күрделі жарыста баппен бірге бақтың да шапқандығын, талант пен бірге тағдырдың да озғандығын айту әділеттілік болмақ.

Ақылсызға бақ қонса тасиды, ақылдыға бақ қонса еліне жаны ашиды. Қашаннан халық қамын жеп, елім деп еңіреген Кенжеғали Сағадиев ҰҒА президент болған тұста ғылымды уақыт

талабына сай реформалауға байланысты ірі шаралар қабылданып, іргелі істер жүзеге асты. Соңғы жылдары Қазақ мемлекеттік ауыл шаруашылығы институты мен Алматы малдәрігерлік институтының бірігуі негізінде ұйымдастырылған Қазақ мемлекеттік аграрлық университетінің ректоры болып істеп келе жатқан Кенжеғали осы жоғары оқу орындарында бұрынғы факультеттердің орнына іргелі оқу-ғылым-өндіріс кешенін, компьютер, тіл орталықтарын ұйымдастырып, дүниежүзіндегі әйгілі жоғары оқу орындармен, ғылыми орталықтармен, өндіріспен тығыз байланыс жасап, университетті әлемдік деңгейге кетеру ісін асқан жауапкершілікпен жүзеге асырып жатыр.

Ащының дәмін татпаған тәттінің бағасын білмейді. Өмірдің сан сынынан өткен, бірақ сынбаған, қай ауырды да кетеретін, қай сенім, қай құрметке де лайық дер шағындағы қадірлі Кенжеғали Сағадиевке деген тілекті мына бір елең жолдарымен түйгім келіп отыр.

Даңқы оның туған жерге сыймаған,  
Елі оны сыртынан-ақ сыйлаған.  
Халық үшін қызмет еткен қырық жыл,  
Кенжеғали Сағадиев сыйлы адам.

Жігіт қой ол қиындықта жанылған,  
Жас кезінде-ақ топтан озып, танылған.  
Өркезде де биік оның тұлғасы,  
Сын сағатта тап қасыңнан табылған.

Тек ғылымға, адалдыққа табынған,  
Қазағымның жоғын жоқтап сабылған.  
Сирек туар Кенжекендей тұлғалар,  
Содан да оны іздеп халық сағынған.

Шырқашы аға, шырқайтұғын кезінде,  
Шаршайтұғын, шалдығатын кезің бе?  
Құлагерім бас бөйген ала бер,  
Халқым үшін қалғыма тек, кезілме!

Сәбит ДОСАНОВ.